

за два года 1904-1906 гг. редакция сменила много редакторов, кроме В.И. Маевского, Н.Я. Коншина, были В.Д. Соколов, С.А. Косарев, а издателями П.Ф. Плещеев, Н.И. Суторихин, С.А. Косарев [14].

Газета была ориентирована на ежедневную информацию для жителей Семипалатинска, однако здесь публиковались разного рода статьи. Так, в начале декабря 1905 года «Семипалатинский листок» со ссылкой на Санкт-Петербургскую "Новую жизнь" сообщал, что «въ периодъ 17 октября и после А.Букейхановъ собирався издавать газету на казахскомъ языке и уехалъ в степь» [15].

Таким образом, купеческая деятельность купца Прокопия Плещеева была ориентирована не только на промышленное, торговое развитие области, он также внес вклад в культурное пространство города Семипалатинска.

Список литературы

- 1 ЦГА РК. Ф. 64. Оп. 1. Д.439. Л.179.
- 2 ЦГА РК. Р.15. Оп. 1 Д. 505. Л.л 1-1 об.
- 3 ЦГА РК. Р.15. Оп. 1. Д. 505. Л. 2.
- 4 ЦГА РК. Р. 15. Оп. 1. Д. 505. Лл. 4-4 об.
- 5 ЦГА РК. Р. 15. Оп.1. Д. 505. Лл. 5.
- 6 // Сибирская жизнь. – 1901. – №27 (февраль).
- 7 // Сибирская жизнь – 1901 – №121 (7 июня).
- 8 // Сибирская жизнь. – 1902 (апрель).
- 9 ЦГА РК. Ф. 726. Оп. 1. Д. 1044. Лл. 1-1 об.
- 10 ЦГА РК. Ф.726. Оп. 1. Д 1044. Лл. 5-6 об.
- 11 ЦГА РК. Ф.726. Оп. 1. Д. 1044. Лл. 7-7 об.

ҚАЗАҚ ДҮНИЕТАНЫМЫНДЫҒЫ ҰЛТТЫҚ БІРЕГЕЙЛІКТІҢ МӘНІ

Садыкова Т.М.

*аға оқытушы, магистр, философия кафедрасы
С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ
Астана қ.*

Мұратханова Д.

*студент 21-07 аудит мамандығы
С. Сейфуллин атындағы ҚАТЗУ
Астана қ.*

Ұлттық бірегейлік құбылысына мұқият назар аудару қазіргі заманның ұлттық парадоксымен байланысты. Бұл парадокстың мәні

мынада: ұлттықтан жоғары және мемлекеттен тыс сипаттағы жаһандану процестері аясында олар экономикалық, әлеуметтік және мәдени өмірдің тектоникалық қабаттарын қамтиды, этникалық фактор әлсіреп қана қоймайды, керісінше, бұрынғы әлеуметтік лагерь мен үшінші әлем елдерінде ғана емес, күшейеді. Жаһанданудың локомотиві болып табылатын Еуропада да соңғы кездері ұлттық топтар (рутендер, каталондықтар, уэльстер, фриздер және т.б.) өздерінің мәдени және тіпті саяси автономия құқықтарын жариялай бастады, олардың қатысуын соңғы уақытқа дейін тек тар мамандар білді [1, 285 б.].

Саяси тәжірибеде этникалық ұлттарды (еуропалықтар, американдықтар, кеңес халқы) құратын "балқыту қазандықтары" идеалына деген ұмтылыс этникалық айырмашылықтар мен ерекшеліктердің құндылығын көрсететін көп мәдениеттілік идеологиясымен алмастырылады. Бұл тұрғыда мәдениеттің этникалық формалары адам өмірінің онтологиялық негізі ретінде, ал мәдениеттер диалогы жалпы өркениеттік дамудың маңызды ресурсы ретінде қарастырылады. [2, 332 б.].

Қашан да қоғамға қажет нәрсе ұлттық бірегейлік, себебі, мемлекеттің тұтастығы қоғамдағы ұлттың және зиялылардың азаматтық бірегейлігіне тәуелді. Ұлттық бірегейлік халықтың рухани деңгейінен шығады, рухани деңгей арқылы көрініп, жүзеге асып отырады. Халықтың рухани деңгейі ұлттық тәрбие, діни сауаттылық, тарих білімі, интеллектуалдық қызметі, мәдениеті, қабілеті, өнері, білімі, еңбекқорлығы негізінде көрініп отырған. Рухани деңгейі бар қоғамда ұлттың және оны демеп отыратын зиялылардың азаматтық, тұлғалық бірегейлігі сақталмақ. Керісінше жемқорлыққа, парақорлыққа халықтың көзі үйренген ортада ұлттық бірегейлік түгіл азаматтық бірегейлік болмайды, болса да қоғамда елдің табиғатына, ұлттың мінезіне жат нәрселердің орын алуы себепті тарихтан келе жатқан дәстүрден (ұлттық бірегейлік пен тұлғалық бірегейліктің жолынан) өсіп келе жатқан ұрпақтың ішкі әлемі алшақтай түспек.

Бұл адамның әмбебап құқықтары мен қоғамның демократиялық құрылымын тану аясында кез-келген догма мен шындықты абсолюттендіруден бас тартуға шақыру ғана емес, бұл бастапқыда батыстық идеологтардың батыстық емес мәдени формалардың құндылық мазмұнына үстемдігін анықтайды. Тағы бір маңызды шектеу-адамның әлеуметтік-мәдени табиғатын және соның салдарынан әлеуметтік-мәдени, атап айтқанда этномәдени өзара әрекеттесу формаларын толығымен елемей, адамның жеке басына және оның көріну формаларына ғана жүгіну.

Өйткені, ұлттық бірегейлік-бұл адамның айрықша ерекшеліктерінің бірі ғана емес, оның жеке айырмашылықтарының көрінісі, бірақ, ең алдымен, бұл адамның белгілі бір қауымдастыққа, оның мәдениетінің

әлеміне қатысуы. Этносаралық өзара іс-қимыл осы компоненттердің бірлігінде жүреді. Мәдениеттер адамдармен, ал адамдар өз мәдениеттерімен соқтығысады. Мұндай қақтығыстар жағдайында толеранттылық тек идеологиялық құрылымды ғана емес, сонымен бірге этносаралық өзара әрекеттесу тәжірибесінің нақты құбылысы болып табылады. Осыған байланысты Толеранттылық адамның этносқа, оның мәдениетінің формаларына қатысуын сезіну ерекшеліктерімен байланысты. Бұл адамға шетелдік ортамен қарым-қатынас орнатуға мүмкіндік беретін осындай қатысуды түсіну актілері.

Осылайша, толеранттылықты дүниетанымдық құндылық және толерантты мінез-құлық ерекшеліктері ретінде түсіну этномәдени бірегейліктің өзін-өзі түсінуімен тығыз байланысты.

Этномәдени бірегейлік-адамның өзіндік ерекшелігінің бір қыры, "Мен кімін?" өзгерістердің көптігін өзіңіз сияқты өзгермейтіндігіңізді көруге мүмкіндік береді. Этносқа жататындығы, осы тұрғыда, адамның жеке бірегейлігі мен бірегейлігін анықтайтын, өзінің болмысына күнделікті тұрақтылық беретін негіз ретінде қарастырылады. Осыған байланысты қазақ ұлтының респонденттерінің ұлттық бірегейліктің маңыздылығы туралы сұраққа берген кейбір жауаптары: "мен өзімді бірегей адаммын деп санаймын, өйткені мен мазмұны жағынан барлық басқа ұлттардан ерекшеленетін бірегей ұлттың өкілімін"; "бұл менің өткенім, бүгінім және болашағым"

Ұлттық бірегейлік пен тарихтағы, қоғамдағы тұлғалық бірегейлік ел мен жеке адам болмысына ұлттық сана арқылы келеді. Қоғамда ұлттық сана арқылы сақталады. Ұлттық сана қашан да ел өмірінде тарихи сана негізінде қалыптасып, нығайып отырған. Тарихи сана адамның өз тарихын толық білуінен, дәстүрді иеленуден, мәдениетінің құндылықтарын игеруден және білімді болудан, адамгершіліктен шығады, ұлттық сана осы принцип арқылы адам бойында қалыптасады. Қазақтың ұлттық тарихының тағылымын баяндайтын дүниелер өскелең ұрпақтың өзіндік санасын тәрбиелеудің тәсілі, осыдан шыққан дүние, сананы тарих өрісіне, ұлттық мүдде деңгейіне көтерудің тетігі, негізгі тәсілі және дұрыс жолы. Яғни, қазақтың ұлттық руханияты әрдайым ұлттық бірегейліктің ұйытқысы болып отырған. Ахмет Байтұрсынов жазып кеткендей, «рухты ертегі-жырлар, батыр әңгімелері халықтың рухы көтерілген шақта шыққан сөз болады. Батырлардың рухынан, батырларды жыр қылған ақын сөздерінің рухынан сол жыр шыққан замандағы халық рухы қандай болғанын білеміз. Ертегілер бұрынғының қалпынан, салтынан дерек бергендей, ертегі жырлар бұрынғының рухынан дерек береді. Бұл бір. Екіншісі, батырлар әңгімесінің құны тілге пайда беру жағынан зор. Батырлар әңгімесі өлеңмен айтылған. Өлеңмен айтылған әңгіменің сөзі көпке төзеді, тез өзгере қоймайды. Солай болған соң, батырлар

әңгімесінде аталарымыздың сөздері сақталып келген. Біз сияқты тілі жетіліп болмаған халыққа аталарымыздың сөздері сақтаған әңгімелер құнды болмақ. Сондай құнды әңгімелердің бірі батырлар әңгімесі болмақ».[3,73 б.] Қазақ қоғамында ұлттың ұлттық бірегейлену дәстүрі ұлт руханияты, ұлт тұлғаларының интеллектуалдық қызметі арқылы жүріп отырса, қазір бұл құбылыс қалай жүруде? Тарихымыздан белгілі жеке адам ойшыл, ақын, батыр, ғалым болсын, өз бетінше ұлтшыл, ұлтжанды болған емес, болмайды да. Қазақтың тұлғаларының қалыптасуында оның бойындағы қабілетінің дамуына ықпал еткен елдің рухани тәжірибесі, құндылықтар, ортаның үйретер өнегесі бар. Бұл үнемі ескерілетін нәрсе. Міржақып Дулатов «Қазақ зиялылары» атты мақаласында былай деген: «Адамның алдымен адам сипаты болуы шарт. Өзінен басқаның тілегін тілей алмаған, арын, иманын қара басының пайдасы үшін қысқа күнде қырық сататын соғылғандардан қаны тамып тұрған ұлтшыл артық. Бірақ, біздің қазақтың ұлтшылдары өзге жуан елдердің ұлтшылдарындай емес екені бәрімізге белгілі. Бізді ұлтшыл қылған нәрсе – біздің кемдікте, қорлықта жүргендігіміз, көрінгеннен соққы жегендігіміз еді егер теңгеруші табылады екен, ұлтшылдықты ортақшылдыққа айырбастауымыз қиын емес». Қазақ зиялыларының өмірі айқын дәлел болып отырғандай, жеке адамның ұлтжанды, ел азаматы, тұлға дәрежесіне көтерілуі ұлттық сана, ұлттық рух арқылы ғана жүзеге асып отырған. Сондықтан да, ұлттық рух ұлттық және тұлғалық бірегейліктің тұтқасы. Ұлттық рух дегеніміз елдің рухани өмірінде пайда болатын өткінші әдеттерге, нәрселерге бағынбайтын, төзбейтін, берілмейтін, жеңілмейтін халықтың, жеке адамның ерекше мінезі. Ұлттық рух адамның бойында қоғамдық сананың барлық түрлерін дұрыс білу арқылы нығайып отырмақ. Ұлттық рух ұрпақтан ұрпаққа, бабадан немереге, әкеден балаға үйретілетін тағылым, яғни кісілік өнеге. Егер ол жастарға үйретілмеген жағдайда бәрібір ұрпақ оны өз бетімен іздейді. Себебі әр адамның танымының түбінде ұлттық рухты аңсау сезімі жатады. Тарихының тәжірибесіне сүйенбесе өз бетінше ұлтына, жұртына қызмет етемін дейтін адамның мінезі шектен асып кетуі мүмкін. Тарих тағылымы, тарихтың тәжірибесі бойында азаматтық мүмкіндігі бар адам үшін рухани қазық.

Тарихтағы қазақ қоғамының тәжірибесінен көріп отырғанымыздай, мемлекет қоғамда нағыз ұлт зиялыларының институтын сақтап, нығайтып отыруға мүдделі, үнемі осыған мән беруі тиіс. Қазақ елі тарихта бұған ерекше мән берген. Қазақ ұлты және оның зиялылары заман талабына сай ел мүддесіне қызмет етудің талабының өзгеріп отыратындығын терең білген. Сол себептен, қоғам тарапынан қашан да ұлттық бірегейлікке ерекше мән беріліп отырған. Себебі адамзат өркениеті биіктеген сайын қоғамның құрылысы да өзгере бастайды, әлемде болатын жаңалық барлық адамзат қоғамына ықпалын тигізбей

қоймайды. Әлемдік өркениет өрісінде мемлекет өзінің дербестігін сақтап қалу, нығайту үшін қоғамдық ортада, мемлекеттің ішкі өмірінде ұлттық бірегейлік сақталуы қажет. Заман ағымындағы адамзат мәдениетінің өзгеруіне орай, адам да өзгереді, тіпті қоғамда әр түрлі адамдар, топтар, секталар пайда болуы мүмкін. Мемлекетті әлсіретудің амалы қоғамдағы ұлттық бірегейлікті ыдыратумен тең. Бірегейлікті (ұлттық, жалпы ұлттық, азаматтық болсын) ыдырататын нәрсе ата дінін, алған білімін дәстүрге, қоғамға, тарихқа, мемлекетке қарсы қоюдан шығады, ол жастардың ұлттық болмысына, діліне қарсы тәрбиеленуі, білім алуы, өзге біреудің ықпалымен ізденуі. Қазақ руханиятында зерделенген, алаш тұлғаларының ұстанымына, өмір мәндік түсінігіне айналған елдік, ар-намыс, қайырымдылық, жауапкершілік, кішіпейілді болу, төзім, қанағат, мейірімділік сынды ізгі қасиеттер, ұрпаққа үйретіліп отырған адал еңбек түсінігі ұлттық бірегейліктің негізгі тұтқасы. Осы құндылықтар арқылы қазақтың отбасында, қоғам өмірінде бірлік, түсінік, төзімділік, қайырымдылық сақталған. Тарихтағы қазақ қоғамынан түйеріміз, өскен ортасына сенетін адам қоғамға да сенеді, мемлекетін өз үйіндей сезінеді.

Ұлттық бірегейлікке, азаматтық бірегейліктің белгісі елдік пен ауыз біршілікке, ұрпақ тәрбиесіне қатысты айтылған қазақ даналығында мынадай мағыналы сөз бар. Ол «ел болам десең бесіңді түзе» деген өсиет. Осы аталы сөздің түпкілікті мағынасына мән берсек, бұл өсиеттің мағынасы қоғам мен адам өмірінің барлық саласына жарайды. Яғни, баланы қоғамына, мемлекетіне, ел мүддесіне бағыттау алдыменен отбасыға жүктеледі. Ұлттық бірегейліктің түп-тамыры отбасындағы ұлттық дәстүрде жатыр. Қазақ халқының ұлттық дәстүрінің құндылығы оның тарихи қызметінде, дәстүрдің тарихи қызметі әрбір отбасының шаңырағының аясында ұрпақты тәрбиелеп шығарған тұтас ұғымда, ел мүддесіне негізделген ортақ ұстаным мен ортақ мақсатта. Қазақ қоғамында дәстүр біріктіруші, жалғастырушы, бірегейлікті сақтап, қорғап отыратын дүние. Ол отбасындағы бірліктен бастап, ұлттық бірегейлікті негіздеуден құралған. Отбасындағы тәрбие дәстүрге бағынса, ұлттық дәстүр реттеуші, сақтап отыру, қалыптастыру, жалғастыру қызметіне ие. Қазақтың ұлттық дәстүрінің бойында барлық қоғамдық сана формаларын жеке адам мен ұлт болмысының бойында біріктіру күші бар. Сондықтан да дәстүр ұлтымыздың дін мен өмірден алған тәжірибесі, ерекше білім үлгісі. Қазақ халқының ұлттық бірегейлігінің және алаш зиялыларының тұлғалық бірегейлігінің, қоғамдағы кісіліктің қалыптасуындағы үлкен міндет дәстүрге жүктелгендігін, дәстүрді иелену, сақтау, кейінгі буынға табыстаудың ұрпаққа міндеттелгендігін уақыт дәлелдеуде. Ұлттық дәстүрін терістеп, құндылығын тереңнен ұғына білмеген, дін мен дәстүрді бір-біріне қарсы қоятын ұрпақ өскен ортасынан іштей де, сырттай да оқшауланады.

Дәстүрден іштей алшақтауда адамның қоғамынан, мемлекетінен іштей өгейленуі, жаттануы бар.

Қоғамда ұлттық бірегейлік болмаса, азаматтық бірегейлік, кісілік, ұрпақтың ішінде тұлғалық бірегейлік болмайды. Тұлғалық деңгейдің өзі ұлттық және азаматтық бірегейлік арқылы көрінеді. Бұны қазақ жыраулары өз толғауларында жарастық деп атаған. Ұлттық бірегейліктің негізгі белгілері ұлттық дәстүр, ұлттық тәрбие, ата діннің таза күйінде сақталуы, тарих, тарихқа, тарихтағы ата-баба дініне деген құрмет, ұлт мәдениетінің әлеуметтік өрісіне айналған шешендік, ұлттық өнер түрлері, туысқандық дәстүр, тәртіп, тазалық, қоғамда, отбасында ұлттық құндылықтардың тегістей сақталуы, заман талабына сай бейімделу, білімді болу, ғылымның мемлекетке тигізер пайдасын ел болып бағалау, ұлттың дербес шаруашылығының болуы және оны уақыт талабына сай нығайта білу.

Пайдаланылған әдебиеттер

1 Аполлонов И.А. Этнокультурные нормы и ценности в формировании самопонимания молодежи (на примере русских и адыгских студентов кубанских вузов) / И.А. Аполлонов, Л.В. Карнаушенко, О.Р. Тучина. – Краснодар: Изд-во КрУ МВД РФ, 2009. – 285 б.

2 Глобализация и мультикультурализм. – М.: Изд-во РУДН, 2005. – 332 б.

3 Ғабдуллин М. Қазақ халқының батырлық жыры / М. Ғабдуллин, Т. Сыдықов. – Алматы, 1972. – 73 б.

СОЦИАЛЬНО-ФИЛОСОФСКОЕ ИЗМЕРЕНИЕ ПОНЯТИЯ ТОЛЕРАНТНОСТИ

Кабдугалиев А.К.

ст. преподаватель кафедры философии

КАТИУ им. С. Сейфуллина

г. Астана

Толерантность – понятие, имеющее непростое содержание и сложную историю. Происхождение понятия «толерантность» прослеживается с античных времен. В стоической философии, в частности, в сочинениях Цицерона, толерантность использовался как термин, обозначающий добродетель выносливости, терпимости к неудачам, боли и различного рода несправедливости надлежащим и стойким образом. В раннехристианском дискурсе этот термин